

«№29 орта мектебі» КММ

кітапханашы меңгерушісі К.З.Канымкулованың

2021-2022 оқу жылына арналған жылдық

есебі


2021-2022 оқу жылында мектеп кітапханасында жоспарға сай кезекті жұмыстары мен шаралары ойдағыдай атқарылды.

1-11 класс оқушылары (қазақ және орыс кластары) тиісті бағдарламаға сәйкес оқулықтармен толық қамтамасыз етілді. Сонымен қатар кітапхана қорына қазақ, орыс, ағылшын тілді нұсқада көркем әдебиеттер келіп түсті. «Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаттарына сәйкес оқушылар мен ұстаздардың қатысуымен мектеп кітапханасында танымдық, ақпараттық, мерекелік шаралар өз деңгейінде өткізілген болатын.

«5 және 20 минут оқу» бағдарламасымен оқырмандар үзілісте қабырға стендіндегі мобильді кітапханадан кітаптарды ұялы телефон көмегімен QR код арқылы, кітапханадан кітаптарды алып та оқып жүрді. Кітапханаға келетін тұрақты оқырмандар 1-4 кластар бойынша 80% , 5-11 класс бойынша 65%-ды құрайды. Кітапханада ұйымдастырылған әр түрлі танымдық, ақпараттық сабақтарға оқушылар белсене қатысты.



Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасына орай Ы.Алтынсариннің 150 жылдығына арналған ұлттың ұлы ұстазы – Ыбырай Алтынсарин шығармашылығын дәріптейтін танымдық сабақтар өткізілді. Өткізген: класс жетекшілер мен кітапханашылар.



1 желтоқсан Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті күні қарсаңында «Оқуға құштар мектеп» акциясына орай «Ғасырдың керемет азаматы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.





«Оқуға құштар мектеп» акциясына сәйкес оқушылардың үзілістегі уақытын тиімді өткізу мақсатында «жылжымалы кітапхана» ұйымдастырылды, мектеп қабырғасына екі тілде (қазақ және орыс) мобильді кітапхана стенді ілінді, бұл стендтегі орнатылған QR код арқылы барлық ұстаздар мен оқушылар электронды кітаптар оқи алатын мүмкіндік береді. Оқушылар 5 және 20 минуттық үзілісте мобильді кітапхананы пайдаланады және сабақтан тыс уақыттарында кітапхананың оқу залында кітап оқиды.





02.02.2022 ж. «Өзін өзі тану-сүйіспеншілік пен шығармашылық педагогикасы» атты онкүндік аясында мектебімізде «**Мейірім төгетін ана**» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмені тамашалай отырып, оқушылар Сара Алпысқызының өмірімен танысты.



«**Есіңе мені алғайсың...**» 9 ақпан ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай мектеп кітапханасына 2-4 сыныптар арасында ақын өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқу сайысы өтті. Оқушылар Мақатаев өлеңдерін жатқа оқыды, кітапханашы оқушыларға ақын өмірі мен шығармашылығымен таныстырды және Мұқағалидың өз дауысымен оқылған өлеңдері тыңдалды, сайыс соңында үздік өнер көрсеткен оқушылар марапатталды.



Мектеп кітапханасының қорын көркем әдебиеттермен толықтыру мақсатында «Кітапханаға кітап сыйла» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. 14 ақпан –кітап сыйлау күнінде осы іс-шараға 3 «В», 5 «А» және 6 «А» класс оқушылары белсене қатысты. Оқушылар өздерінің үй кітапханасындағы пайдалы көркем әдебиеттерін сыйға тартты.



«Оқуға құштар мектеп» жобасының аясында 4«А» класында «Кітап – сарқылмас рухани қазына» атты кітапхана сабағы өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, кітап оқуға құмарлығын, кітап оқу арқылы олардың сөздік қорын байыту, ой-өрісінің дамуын, рухани байлығын арттыру.



«Оқуға құштар мектеп» жобасына сәйкес 3 «В» класс оқушысы Айпанов Амир «Моя любимая книга» атты акция қарсаңында үй кітапханасындағы өзі сүйіп оқыған кітаптарымен бөлісті және сыныптастарына кітап оқу рухани азық екенін ұғындыра отырып, заманауи кітаптарды жиі оқуды ұсынды.



25.02.2022 ж. күні 7,8,10 класс оқушыларымен «Діни экстремизм – әлемге төнген қауіп» тақырыбында тарих пәнінің мұғалімі Абуова Ф.К. мен кітапханашылардың ұйымдастыруымен қалалық жас туристер стансасының оқытушысы Саинов Дәурен Абайбекұлымен кездесу сағаты өткізілді. Бұл шараның мақсаты: - жасөспірімге қоғамның әлеуметтік құқықтық діни сипаттарын ұғындыра отырып, оларды террорлық-лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу, бейбітшілік маңызын, адамдарға мейірімділік пен жақсылық жасай білуді ұғындыру. Кездесу соңында оқушылар өз пікірлері мен көзқарас түсініктерін ортаға салды.



1 наурыз Алғыс айту күніне арналған **«Рахмет бәріңе, алғыс бәріңе»** атты көңіл-күй сыйлау шарасы өткізілді, мектептегі қызметкерлер алғыстарын білдіріп қуанышты эмоцияларымен бөлісті. Сонымен қатар осы мерекеге орай кітапханада ұйымдастырылған **«Алғыс айту парызым»** атты жақындарына алғыс жолдау шарасына 2 Ә класс және 6 А класс оқушылары белсене қатысты.





Мектеп кітапханасында Жамбыл Жабаевтың туғанына 176 жылдығына орай

«Жыр алыбы – Жамбыл ата» атты 3-4 сыныптар арасындар ақын өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқу сайысы өтті. Оқушыларға ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы ақпарат берілді. 2 класс оқушылары Маймакова Асем мен Анық Елмұра домбырамен халық әнін орындады.



Жазғы мектеп аясында 4 маусым – Қазақстан Республикасының рәміздер күніне орай 3 маусымда 5 а класс оқушыларына «Рәміздерім -мақтанышым» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.

«№29 орта мектебі» КММ-нің «Оқуға құштар мектеп» жобасына құрастырылған стенді





«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Жол картасының міндеттері:

1. Көркем әдебиеттің электронды базасын қалыптастыру және негізгі кітапхана қорын толықтыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізу;
2. Үздіксіз білім беру жүйесін дамыту, білім беру ұйымдары кітапханаларын ынталандыру және мотивациялау;
3. Компьютерлік парктің материалдық-техникалық базасын нығайту және жүйелі жаңарту;
4. Білім беру ұйымдары кітапханаларының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру;
5. Сандық технологияларды дамыту және оқу дағдыларына қызығушылықты арттыру үшін кітапханаларда IT, Coworking, STEM орталықтарын ашу. Сол арқылы кітапханалық-ақпаратты қызмет көрсетудің жаңа мүмкіндіктеріне ие болу.

Мақсаты: Өскелең ұрпақтың оқу сауаттылығын арттыру, оқу мәртебесін, оқу сапасын көтеру балалар мен жастардың мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, көркем шығармаларды оқуды насихаттау, сонымен бірге жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру

Мобильді кітапханада ұсынылған әдебиеттер (QR кодпен оқы!)



Мектеп кітапханасының көркем әдебиеттер орналасқан бұрышы







Мектеп кітапханашыларына арналған «Оқуға құштар мектеп» аясында өткізілген «ҮЗДІК МЕКТЕП БҰРЫШЫ -2022» байқауының 1 кезеңінде (қалалық) үздік нәтиже көрсетіп ІІІ орынға және 2 кезеңінде (облыстық) алғыс хатпен марапатталдым. «Ұстаз тілегі» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған кітапхана ісі пәнінен ұстаздар арасында онлайн блиц-турнирден ІІІ орынды иелендім.

Осындай жұмыстар келесі оқу жылында жалғасын таба берсе, одан да ауқымдырақ шаралар өткізілсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Кітапхана меңгерушісі: Канымқұлова Кундуз Зинединовна

Кітапханашы: Әлімжанова Бақтыгүл Бекболатқызы